

04.09.2023жыл

Құмкент ауылы

Хаттама №1

Меңгеруші жанындағы кеңес

Қатысуы тиіс: 24

Қатысқаны: 22

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. Тамыз кеңесінің нәтижесі. Білім беруді дамытудың басым бағыттары.
– 2023-2024 жаңа оқу жылына дайындық
2. Айлық жоспарды бекіту
– Тарификацияға дайындық және өткізу
3. Білім беру процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін нығайту
– Тамақтануды ұйымдастыру
4. Бақылау және басқару қызметін ұйымдастыру
– Жаңадан келген педагогтарды бақылауға алу
5. «Қауіпсіздік шараларының ережесін сақтау» қызметкерлерді қауіпсіздік ережесімен таныстыру

ТЫҢДАЛДЫ

1. Бөбекжай-бақшасы меңгерушісі Т. Бимырзаева:
Ұжымдағы қызметкерлерді жаңа оқу жылымен құттықтай отырып, кеңесті ашық деп жариялады. Жаңа 2023-2024 оқу жылының әдістемелік- нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу жоспарымен таныстырды. Бақылау барысында топтардың жаңа оқу жылына толық дайын екенін айтып өтті.
2. Балабақша қызметкерлерінің айлық жалақысы, балабақшадағы топ балалардың саны 65 бала бойынша жергілікті бюджеттен қаржыланады. Жан басына шаққандағы қаржыландыру бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 597 бұйрығы негізінде балабақшаға кететін жалпы шығын есептеледі. Жалпы қызметкерлердің айлық жалақысы сараптау комиссиясының шешімі реттеледі. Сараптау комиссиясы барлық қызметкерлердің еңбек өтілін, категорияларын қосып реттеп, есепшіге ұсынады. Есепші аудандық білім бөлімінің экономистеріне бекіту үшін келіседі.
3. Қауіпсіздік бойынша балабақшаның компьютер операторына жүктелген. Балабақша топтарындағы қауіпсіздік топ тәрбиешілеріне міндеттелген. Сол орайда, қауіпсіздік ережесімен жалпы қызметкерлерді таныстырып жауапты маман орындауға міндетті. Балабақшаның қауіпсіздік ережесі қатаң сақталуға тиіс.
Балабақшаның сараптау комиссиясымен бірлесе отырып, жұмыс жүргізіледі.
Мейірбике әр топтың ас мәзірін реттейді. Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық- эпидемиологиялық талаптар санитарияның қағидаларды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9-шілдедегі № ҚРДСМ -596 бұйрығы бойынша талаптар орындалуға

тиісті. Осы аталған бұйрықтағы өнімдерді алмастыру кестесіменде топ тәрбиешілерін таныстырып отыруға міндетті. Балалардың жасына байланысты граммға шаққандағы порциялардың массасын, тез бұзылатын тамақ өнімдері мен фабрикаттардың брокераж журналы, С витаминдеу журналы жүргізіп отыру міндеттелген.

4. Әдіскер О. Татимова:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының физикалық қасиеттерді, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдылары бойынша топ тәрбиешілері мен педагогтер ұйымдастырылған іс –әрекеттер мен ойын іс- әрекетіне қажетті дидактикалық, үлестірмелі материалдарды, қажетті құрал-жабдықтарды, көрнекіліктер мен ресурстарды сапалы, түстерін анық, жеткілікті, көп реттік, балаға қауіпсіз етіп жасап, толықтырды. Заттық-дамытушы ортаның толымдылығына да назар аударылды. Әрбір бұрын балаға қолжетімді, қауіпсіз етіп жасакталды.

5.Шаруашылық меңгеруші А. Маханова:

Биылғы оқу жылына байланысты дайындалған барлық қызметкерлерді қауіпсіздік нұсқаулықтарымен, әрқайсысының лауазымдық міндеттерімен таныстыра отырып, оның орындалу барысымен таныстырды. Әрбір қызметкер өзі оқып танысып, онымен танысқандығы туралы белгі қалдырды.

ШЕШІМ ЕТТІ

1. 2023-2024 оқу жылына дайындық жұмыстары назарға алынсын.
2. Оқу жылының тарификациясын дайындап, есептеу балабақша есепшісі З.Бекмухамедоваға тапсырылсын.
3. Білім беру процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін нығайту басты назарға алынсын. Балабақшаның қауіпсіздік ережелерінің сақталуы компьютер операторы Ж.Еликбаеваға тапсырылсын.
4. Педагогтердің іс әрекеттеріне жоспар бойынша бақылау мен басшылық жасау әдіскер О.Татимоваға тапсырылсын.
5. Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігін сақтауды, өрт және төтенше жағдайлар қауіпсіздігін ұйымдастыруды әрдайым назарда ұстау



Меңгеруші: *Б. Бимырзаев* Т.Бимырзаев

Хатшы: *Г. Еркінбекова* Г. Еркінбекова

Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдырған бөбекжай - бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

15.11.2023жыл

Құмкент ауылы

Хаттама №2

Менгеруші жанындағы кеңес

Қатысуы тиіс: 25

Қатысқаны: 22

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. Айлық жоспарды бекіту
2. Қаржы дисциплинасы
3. Аттестаттау комиссиясының жұмысын талдау.
4. Сараптау тобының нәтижелері
5. Бақылау және басқару жұмысының нәтижелері
6. Мектепке дейінгі мекемеде құқықтық тәрбиені жүзеге асыру жолдары

ТЫҢДАЛДЫ

1. Менгеруші Т.Бимырзаева:

Балабақша қызметкерлерінің айлық жалақысы, балабақшадағы топ балалардың саны 65 бала бойынша жергілікті бюджеттен қаржыланады. Жан басына шаққандағы қаржыландыру бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 597 бұйрығы негізінде балабақшаға кететін жалпы шығын есептеледі. Жалпы қызметкерлердің айлық жалақысы сараптау комиссиясының шешімі реттеледі. Сараптау комиссиясы барлық қызметкерлердің еңбек өтілін, категорияларын қосып реттеп, есепшіге ұсынады. Есепші аудандық білім бөлімінің экономистеріне бекіту үшін келіседі.

2. Есепші З. Бегмұхаммедова

Қаржы тәртібін сақтау – бюджет қаражатын тиімді және мақсатты пайдалану. Есепшілік жүргізу – қаржылық құжаттарды уақытылы және дұрыс рәсімдеп жатқанын айтып өтті. Тексеру және бақылау – шығындарды бақылап, заңнамалық талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етілуде екенін жеткізді.

3. Әдіскер О. Татимова

Балабақша педагогтарының кәсіби құзыреттілігін бағалау, білім беру сапасын арттыру және мемлекеттік стандарттарға сәйкес анықтау жайлы атап айтты. Өзіндік талдау, құжаттарды сараптау, ұйымдастырылған іс әрекеттерге қатысу және бағалау, педагогикалық қызметтің нәтижелілігін қарастыру жайлы сөз сөйледі.

4. Әдіскер О. Татимова

Биылғы жылға тәрбиешілер Р. Әділбекова, Г. Еркінбекова, Ж. Бижанова, психолог Г. Абдуллаева, логопед М. Абдраманова өздерінің санаттарын көтеруге педагог

модераторға өтініш берді. Сол себептен ол кісілердің қазіргі таңда құжаттары реттеліп ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне талдау жұмыстары жүргізілуде.

5.Күн сайын апталық циклограммаға байланысты тақырыптық бақылаулар, жедел бақылаулар, ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне күнделікті бақылаулар жалпы 9- сағаттық режимдік сәт бойынша бақылаулар, мәдени- гигиеналық шаралар жеке бақылау жүргізілуде.

6.Менгеруші: Т.Бимырзаева

Мемлекет балаға қаншалықты көңіл бөлсе, ол да өз елін соншалықты сүйіп өседі. Қазақстан Республикасы 2002 жылы 8-тамызда қабылданған бала құқықтары туралы заң 53 баптан тұрады және жан- жақты қарастырылып жасалған. Бала кезінен адам белгілі бір құқықтарға ие болады. Бала және оның құқықтарын қорғау мәселесі әрқашан өзекті болып келеді. Мария Монтессори баланы құлмен салыстырып баланың құқығы ересек адаммен бірдей болуы керек дейді. Халықаралық балаларды күту қауымдастығы, балаларды күтқару, одағы, балалар қоры. БҰҰ және т.б бірақ балалардың қоғамдағы жағдайын әлі де жақсарту керек және әрекет етуді талап етілуде.

ШЕШІМ ЕТТІ

1. Оқу жылының тарификациясын дайындап, есептеу балабақша есепшісі
- 3.Бекмухамедоваға тапсырылсын.
- 2.Есепші 3.Бекмухамедоваға қаржы дисциплинасының сақталуын қамтамасыз ету тапсырылсын.
- 3.Аттестаттау комиссиясының жұмысы назарға алынсын.
- 4.Сараптау тобының жұмысын жүргізу О.Татимоваға тапсырылсын.
5. Бақылау және басқару жұмысы әдіскер О. Татимоваға тапсырылсын.
6. Мектепке дейінгі мекемеде құқықтық тәрбиені жүзеге асыруды әрдайым назарда ұстау.



Менгеруші

Т.Бимырзаева

Хатшы:

Г. Еркінбекова

15.02.2024жыл

Құмкент ауылы

Хаттама №3

Меңгеруші жанындағы кеңес

Қатысуы тиіс: 24

Қатысқаны: 22

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. Айлық жоспарды бекіту
2. Балаларды көше қозғалысы ережелерімен таныстыру жұмысының деңгейі
3. Көктемгі жөндеу жұмыстарына дайындық.
4. Бақылау және басқару жұмыстарының нәтижелері.

ТЫҢДАЛДЫ

1. Меңгеруші Т. Бимырзаева:

Балабақша қызметкерлерінің айлық жалақысы, балабақшадағы топ балалардың саны 65 бала бойынша жергілікті бюджеттен қаржыланады. Жан басына шаққандағы қаржыландыру бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 597 бұйрығы негізінде балабақшаға кететін жалпы шығын есептеледі. Жалпы қызметкерлердің айлық жалақысы сараптау комиссиясының шешімі реттеледі. Сараптау комиссиясы барлық қызметкерлердің еңбек өтілін, категорияларын қосып реттеп, есепшіге ұсынады. Есепші аудандық білім бөлімінің экономистеріне бекіту үшін келіседі.

2. Әдіскер О. Татимова

Балалардың жолда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көше қозғалысы ережелері туралы білімдерін қалыптастыру үшін балабақша ауласында жол қозғалысы ережелеріне негізделген ойын іс-әрекеттер ұйымдастыруды топ тәрбиешілеріне атап айтты. Алдағы уақытта тәжірибелік іс-әрекеттер мен ата-аналармен бірлескен іс-шараларды көбейту ұсынылды.

3. Меңгеруші Т. Бимырзаева :

Көктемгі жөндеу жұмыстарының маңыздылығын атап өтті және орындалуы тиіс шараларды түсіндірді. Шаруашылық меңгерушісі А. Маханова қажетті жөндеу жұмыстарын топтарда, ойын алаңдарында жөндеу жұмыстарын атап өтіп, алдын ала сметалық есеп берді.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әдіскер О. Татимова:

Ай сайын «Балалар ойынына басшылық жасау», «Ертеңгілік жаттығуларды талдау», «Балалардың тамақтануын ұйымдастыру», «Тәрбиешінің серуенді ұйымдастыруы», «Салыстырмалы тексеру», «Дене тәрбиесі оқу қызметін талдау», «Қимылды ойынды

үйрету барысы», «Ертеңгілік өтілімін талдау» бойынша циклограмма жасалып, жүргізіліп жатқандығы туралы мәлімдеді

ШЕШІМ ЕТТІ

1. Айдың тарификациясын дайындап, есептеу балабақша есепшісі З.Бекмухамедоваға тапсырылсын.
2. Балаларды көше қозғалысы ережелерімен таныстыру топ тәрбиешілеріне тапсырылсын.
3. Көктемгі жөндеу жұмыстарына дайындықты жүргізу шаруашылық меңгерушісі А.Маханова жүктелсін.
4. Балабақшаның басқару мен бақылау жұмысының өз дәрежесінде жүргізу әдіскер О.Татимоваға тапсырылсын.



Меңгеруші:

Хатшы:

Т.Бимырзаева

М.Абдраманова

08.04.2024жыл

Құмкент ауылы

Хаттама №4

Меңгеруші жанындағы кеңес

Қатысуы тиіс: 24

Қатысқаны: 23

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. Айлық жоспарды бекіту
2. Қорытынды педагогикалық кеңеске дайындық
3. Ауланы көгалдандыру
4. Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары
5. Көшедегі ойын учаскелерінің қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкестігі. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
6. Бақылау және басқару жұмысының нәтижелері

ТЫҢДАЛДЫ

1. Меңгеруші Т.Бимырзаева:

Балабақша қызметкерлерінің айлық жалақысы, балабақшадағы топ балалардың саны 65 бала бойынша жергілікті бюджеттен қаржыланады. Жан басына шаққандағы қаржыландыру бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 597 бұйрығы негізінде балабақшаға кететін жалпы шығын есептеледі. Жалпы қызметкерлердің айлық жалақысы сараптау комиссиясының шешімі реттеледі. Сараптау комиссиясы барлық қызметкерлердің еңбек өтілін, категорияларын қосып реттеп, есепшіге ұсынады. Есепші аудандық білім бөлімінің экономистеріне бекіту үшін келіседі.

2. Әдіскер О.Татимова

Оқу жылының аяқталуы – балабақша ұжымы үшін маңызды кезең. Бұл уақытта атқарылған жұмыстарға талдау жасалып, алдағы міндеттер айқындалады. Қорытынды педагогикалық кеңесте тәрбиешілер, әдіскерлер және меңгеруші бірлесе отырып, білім беру мен тәрбие процесінің нәтижелерін қарастырады. Биылғы оқу жылында балабақшамызда бірқатар жетістіктерге қол жеткізілді. Педагогтар балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасап, инновациялық әдістерді қолданып, ата-аналармен тығыз байланыс орнатты. Балалардың сөйлеу, ойлау, моторика және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында түрлі ойындар, тренингтер мен мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Дегенмен, болашақта жетілдіретін тұстар да жоқ емес. Келесі оқу жылында әдістемелік жұмыстарды одан әрі дамыту, материалдық-техникалық базаны нығайту және педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру басты назарда болмақ.

3. Шаруашылық меңгерушісі Маханова Айгүл :

Балабақша ауласын тазалап, жеміс ағаштары мен қара ағаштардың түбін қопсытып, әктеу жұмыстары әр аптаның сенбі күндері өткізіледі. Балабақша ауласын көгалдандыру мақсатында дайындық жұмыстары жүргізілді.

4. Балабақша әдіскері Татимова Орынкүл:

Жазғы сауықтыру айларына арналған балаларды оқыту мен тәрбиелеу, балалармен сауықтыру, профилактикалық, әдістемелік және ата-анамен жұмыстардың жоспарлары жасалғандығын, топтардың сауықтыру айларындағы күн тәртібімен ойын іс-әрекеттерінің кестелері түзіліп, барлық мәдени іс-шаралардың жоспарлары дайындалғанын айтып өтті.

5. Балалардың көшедегі ойын учаскелерінде қауіпсіз болуы – басты міндеттердің бірі. Ойын алаңдары қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкес келуі керек және үнемі тексерістен өткізіліп отыруы қажет. Ойын алаңындағы әткеншектер, сырғанақтар, баспалдақтар және басқа да құрылғылар мықты әрі зақымсыз болуы тиіс. Барлық құрылғылардың бекіткіштері берік, бос немесе сынған бөлшектері жоқ екендігі жайлы шаруашылық меңгерушісі мәлімдеді.

6. Ай сайын «Балалар ойынына басшылық жасау», «Ертеңгілік жаттығуларды талдау», «Балалардың тамақтануын ұйымдастыру», «Тәрбиешінің серуенді ұйымдастыруы», «Салыстырмалы тексеру», «Дене тәрбиесі оқу қызметін талдау», «Қимылды ойынды үйрету барысы», «Ертеңгілік өтілімін талдау» бойынша циклограмма жасалып, жүргізіліп жатқандығы туралы мәлімдеді.

ШЕШІМ ЕТТІ

1. Айдың тарификациясын дайындап, есептеу балабақша есепшісі З.Бекмухамедоваға тапсырылсын.
2. Барлық педагогтарға қорытынды жұмыстар есебін уақытылы орындау жүктелді.
3. Балабақша ауласының тазаланып, көгалдандыру жұмыстарының уақытылы жүзеге асуы шаруашылық меңгерушісіне жүктелсін.
4. Жазғы сауықтыру айларындағы жұмыстардың жоспар бойынша жүргізілуі топ тәрбиешілері мен мейірбикеге, жазғы сауықтыру айларындағы жұмыстардың жоспар бойынша жүргізілуін қадағалау әдіскерге тапсырылсын.
5. Қауіпсіздік ережелерін үнемі сақтау шаруашылық меңгерушісі А.Махановаға тапсырылсын.
6. Балабақшаның басқару мен бақылау жұмысының өз дәрежесінде жүргізу әдіскер О.Татимоваға тапсырылсын.



Меңгеруші

Т.Бимырзаева

Хатшы

М.Абдраманова